

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті  
Қазақстан тарихы және саяси-қоғамдық пәндер  
кафедрасы

Тақырыбы: “ Инфляция және жұмыссыздық  
экономикалық тұрақсыздың көрінісі ретінде”

Орындаған: Жүсіп А.Б:

Топ : 1-017 ЖМФ

Қабылдаған: Мейрамова Н.А

Қарағанды 2017

# Жоспар

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

- Экономикалық цикл, фазалары, классификациясы
- Инфляция түсінігі
- Жұмыссыздық және оның түрлері

III Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

# Кіріспе

*Қазіргі кезде циклдық дамуды өзіндік ерекшеліктері бар. Олар екінші дүниежүзілік соғыстың, ғылыми-техникалық революциясының әсерінен және мемлекеттің экономикалық ролінің өсуімен туындаған. Экономикалық қатынастар тым жиіледі және тереңдей түсті, сонымен қатар депрессия фазасы ұзақтығының ұлғаюымен ерекшеленді. Мұндай құбылыстар 1947-1975-ші және 1980-1982-ші жылдардағы экономикалық дағдарыстар кезеңінде байқалды.*

- ✓ *Дағдарыс кезеңінде жаңа құбылыс – инфляция пайда болды. Дағдарыс құбылысының инфляциямен қосылуы стагфляция деп аталады.*
- ✓ *Циклдық теорияны жасауда ерекше орынды Николай Дмитриевич Кондратьев алады.*
- ✓ *Жұмыссыздық – экономикалық теорияның бұрынғы және қазіргі тарихындағы ең өткір мәселенің бірі. Жұмыссыздық теориясын бірнеше мектеп өкілдері қарастырды. Оларға мыналар жатады: Д. Кейнс, Т.Р. Мальтус, Д. Бернал, А. Пигу, О. Филлипс.*

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЦИКЛ, ФАЗАЛАРЫ, КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Экономикалық цикл деп – өндірістің, инфляцияның және жұмыспен қамту деңгейінің өзгеруін айтамыз. Циклдік өзгерістердің себептері төмендегідей:


- Автономды инвестициялардың азаюы;
- Мультипликатор әсерінің әлсіреуі;
- Ақша жиыны көлемінің өзгеруі;
- Негізгі қорлардың өзгеруі.

Жалпы айтқанда, экономикалық цикл – бірнеше жылдар ішіндегі экономикалық активтілік деңгейлерінің бірінен кейін бірі келіп тұратын өсулер мен құлдыраулардың өзгеруі.

*Шың фазасы.*

Өндіріс құлдырауының дағдарысы. Дағдарыс

*Құлдырау немесе тоқыраудың*



*нормасы төмендейді.*

Циклдар типі	Циклдар мерзімі	Негізгі ерекшеліктері
1. Китчин циклы	2-4 ж.	Қор мөлшері инфляцияның, жұмысбастылықтың, ЖҰӨ-нің ауытқуы, тауарлық цикл
2. Жугляр циклы	7-12ж.	Инвестициялық цикл инфляцияның, жұмысбастылықтың, ЖҰӨ-нің ауытқуы
3. Кузнец циклы	16-25 ж.	Табыс → иммиграция → үй құрылысы → жиынтық сұраныс табыс →
4. Кондратьев циклы	40-60 ж.	Техникалық прогресс, құрылымдық өзгерістер
5.Форрестор циклы	200ж	Энергия және материалдар
6. Тоффлер циклы	1000-2000 ж.	Өркениеттің дамуы

- **Инфляция дегеніміз** – бағалардың орташа деңгейінің өсу қарқыны. Инфляция кезінде кейбір бағалар бір қалыпты қалады, ал кейбір бағалар төмендейді.

Инфляция жалпы орташа баға деңгейінің тұрақты өсу тенденциясын көрсетеді.

Осы анықтамада төмендегі сөздер маңызды.

- **Тұрақты.** Бұл инфляцияның ұзақ уақыт болатындығын ұзақ мерзімді тенденцияға ие екендігін көрсетеді.

- **Жалпы орташа баға деңгейі.** Инфляция экономикадағы барлық бағалар деңгейінің өсуін көрсетеді. Әр түрлі тауарларға бағаның өсуі, төмендеуі, бір қалыпты өзгермей қалуы мүмкін. Инфляция жағдайындағы жалпы баға индексі өседі.

**Дефляция** – жалпы орташа баға деңгейінің тұрақты кемуінің тенденциясы көрсетеді.

**Дезинфляция** – инфляция қарқынының төмендеуін көрсетеді.



# Инфляция кешенді себептерден туындайды

- Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы және оларды жабу үшін қағаз ақшалар шығарылады;
- Мемлекеттің өндірістік емес шығындар деңгейінің жоғарылығы тұтыну игіліктерін шығаруды арттырмайтын және адам еңбегі шығынымен тікелей байланысты;
- Тауар тапшылығы, бағаның өсуі;
- Бірқатар өндірушілердің монополиялық жағдайда болуы және т.б.



*Шектен тыс инфляция.  
Экономикада бір жылдың ішіндегі  
инфляция деңгейі 1000% құрайды.*

*Қалыпты  
инфляция.  
Экономикада  
инфляция  
қарқыны бір  
жылдың ішінде  
3-4%-ды  
құраса, ал бір  
жылдың ішінде  
инфляция  
деңгейі 10%-ды  
құрайды.*



*Жоғарғы  
инфляция.  
Экономикада  
бір жылдың  
ішінде  
инфляция  
деңгейі  
200-300%  
құрайды*

*Өршімелі инфляция. Инфляция  
қарқыны бір жылдың ішінде екі  
мәнге ие болады*



# Инфляция түрлері

Нарықтық инфляциялық теңестігінің қандай түрді қабылдауына байланысты инфляцияны ашық және жабық деп бөлеміз. Ашық инфляция еркін баға құрамын экономикасына тән және тауар мен қызмет көрсетуге үнемі бағаның өсуін байқатады. Басылық инфляция, оны кейде жасырын инфляция деп те атайды. Ол бағаны реттейтін экономикаға тән, яғни жалпылама мемлекеттің бағаны бақылауымен жүзеге асатын инфляция.

Инфляция баланстану дәрежесіне байланысты баланстанған инфляция, баланстанбаған инфляция деп бөледі. Баланстанған инфляцияда әртүрлі тауар мен қызмет көрсетудің бір-біріне қатынасында баға өзгермейді, ал баланстанбаған кезінде — әртүрлі тауар мен қызмет көрсетудің бағасы бір-бірімен салыстырған тұрақсыз және әртүрлі пропорцияда өзгереді.

Инфляцияны сұраным мен ұсынымға байланысты сұраным, өндіріс шығынының өсуі немесе жиынтық ұсынымының азаюымен болатын ұсыным деп бөледі. Сұраным инфляциясында тауардың өте аз мөлшеріне өте көп ақша жұмсалмақ. Ұсыным инфляциясы шығын мен ұсыным нарығының өзгеруі нәтижесінде пайда болады.

# Жұмыссыздық

**Жұмыссыздық деңгейі** – бұл жұмысты істеуді қалайтындардың жалпы санының ішінде жұмысы жоқ азаматтардың статистикалық көрсеткіші.

**Жұмыссыздық дегеніміз** - бұл жұмыс істегісі келетін еңбекке жарамды халықтың өндірісте жұмыспен қамтылмауы.

**Жұмыс күші** – жұмыссыздар мен жұмыс істейтіндердің жиынтығы, ал жұмыссыздық деңгейі – бұл жұмыс күшінің жалпы санындағы жұмыссыздардың пайыз түріндегі анықталуы.



# Жұмыссыздық деңгейін есептеу формуласы:

$$\text{ЖД} = \frac{\text{ЖС}}{\text{ЖК}} \cdot 100$$

мұндағы:

ЖД- жұмыссыздық деңгейі;

ЖС- жұмыссыздар саны;

ЖК- жұмыс күшінің саны.

# ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ТҮРЛЕРІ

- ❑ Жасырын жұмыссыздық
- ❑ Фрикциондық жұмыссыздық
- ❑ Маусымдық жұмыссыздық
- ❑ Құрылымдық жұмыссыздық
- ❑ Технологиялық жұмыссыздық
- ❑ Циклдық жұмыссыздық

# Жасырын

Өндірісте және мемлекеттік аппаратта артық жұмысшылардың қолданылуы. Қазіргі болмыста олардың жұмыстарын аз жұмыс күшімен атқаруға болады.

# Фрикциондық

Адамдар бір жұмыстан басқа жұмысқа, бір жерден басқа жерге жұмыс ізденумен ауысуын айтамыз

# Маусымдық

Жұмыс күшінің тек маусымдық кезеңде жұмыс жасауы; бұл кейбір ауыл шаруашылығы өндірісі саласында кездеседі, әсіресе қайта өңдеу өнеркәсібінде т.б.



# Құрылымдық

Өндірістік қуаттың жетпеуінің нәтижесінде болады: жеке саланың дамуының кері пропорционалды болуынан және ескі саланы жабу мен жаңа саланы дамытудың нәтижесі ретінде қараймыз

# Технологиялық

Адамдарды машинамен ауыстырудың нәтижесі, біліктілікті өзгертуді немесе басқа мамандықты игеруді талап етеді.

# Циклдық

Өндірістің құлдырауынан туындайды, яғни экономикалық циклдың осы фазасымен байланысты.

# Қорытынды

*Жалпылама айтқанда, экономикалық цикл – бірнеше жылдар ішіндегі экономикалық активтілік деңгейлерінің бірінен кейін бірі келіп тұратын өсулер мен құлдыраулардың өзгеруі. Кейбір экономикалық циклдар ұзақтығымен және қарқындылығымен бір-бірінен ерекшеленеді. Бірақ олардың барлығы арқалай аталатын бірдей фазалар арқылы өтеді. Циклдар осы фазалардан өтсе де, олар өздерінің ұзақтығы және белсенділігімен ерекшеленеді.*

*Жұмыссыздық – бұл жұмыс істегісі келетін еңбекке жарамды халықтың өндірісте жұмыспен қамтылуы. Нарықтық экономикада жұмыссыздық дағдарыстар кезінде көбейеді.*

*Кез-келген жұмыссызды болуы – қоғам үшін ең ауыр экономикалық және әлеуметтік сілкініс.*

*Жұмыссыздық мәселесін шешуде ерекше орынды еңбек биржалары алады. Еңбек биржасы – бұл тұрақты негізде қызмет жасайтын мекеме, мұнда еңбекті талдау кезінде жұмыскер мен кәсіпкер арасындағы делдалдық іс-әрекет жүзеге асады.*

*Жалпы алғанда, инфляция деп – қағаз ақшаның құнсыздануымен пайда болатын әлеуметтік-экономикалық процестер жиынтығы.*

# Пайдаланылған әдебиеттер

- ✓ Экономика негіздері, Есенғалиева Қ.С, 2011ж, 634-736 бет
- ✓ Экономикалық теория негіздері, Темірбекова А.Б, 2011 ж,136-141 бет
- ✓ <http://учебник.kz>
- ✓ [kk.wikipedia.org](http://kk.wikipedia.org)
- ✓ [Stud.kz](http://Stud.kz)



КТО  
ПОСЛЕДНИЙ?

Я - 2999 999<sup>2</sup>

НА ЗАРЛАРЫҢЫЗГА

РАХМЕТ!

# Ақшаның құнсыздануы

Әсер етуші факторларға байланысты

Инфляцияның өндірістің құлдырауымен жалғасуы

Қалыпты инфляция

дефляция

Өмір сүру деңгейі төмендейді

Әлемдік нарықтағы бағаның өсуі

Әлемдік нарықтағы бағаның және  
сыртқы қарыздың өсуі

Тауар бағасының көтерілуі

*Инфляцияның жоғары қарқыны, баға дәрежесінің өте  
тез өсуі*